

**Астана қаласы әкімдігінің
№ 49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК
қызметін 2023-2024 оқу жылындағы
өзін-өзі бағалау жөніндегі
материалдары**



Астана, 2024

Мазмұны:

Ақпараттық анықтама	3
Өзін-өзі бағалауды жүргізуге бұйрық.....	4
№49 «Алтынай» балабақшасының 2023-2024 оқу жылындағы өзін-өзі бағалау жоспары	5- 6
№2 Педагогикалық кеңестің хаттамасы	7-10
Өзін-өзі бағалаудың мақсаты, міндеттері, принциптері	11
Оқу процесінің мазмұны	12
Әкімшілік шаруашылық қызмет	13
Балабақшаның жылдық оқу -тәрбие жұмысының тапсырмаларын орындау.....	12
2023 – 2024 оқу жылындағы тәрбиеленушілерінің бағдарламалық материалды меңгеруін талдау.....	13
2023-2024 оқу жылында балалармен жұмыс жасауда инновациялық технологияларды қолдану, эксперименттік жұмыстарды жүргізу.....	14
Дене тәрбиесі мен сауықтыру жұмыстары.....	15
2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық ұжымның жұмыс көрсеткіштері.....	16
2023-2024 оқу жылындағы балабақша тәрбиеленушілерінің жетістіктері.....	17
Ата – аналармен жұмыс.....	18
Балабақшаның одан әрі жұмысының болашағы	19
Өзін-өзі бағалау қорытындысын шығару.....	20
№ 5 педагогикалық кеңес хаттамасы.....	21
Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы.....	22
2023-2024 оқу жылындағы №49 «Алтынай» балабақшасының өзін-өзі бағалау материалдарын балабақша сайтына орналастыру.....	23

Мектепке дейінгі мекеме туралы ақпараттық анықтама

Мекеме атауы: Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай»
балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Білім беру ұйымының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы, Алматы ауданы, Петров көшесі, 3/1
Ғимараттың салынған жылы: 1976 жыл
Жобалық қуаттылығы: 200 орын
Балабақшаның жұмыс уақыты: 07:30-18:00 дейін
Балабақшада: 10 топ және 2 шағын орталық тобы мемлекеттік тілде
тәрбиеленеді және оқытылады.
Байланыс телефоны: 35-89-32, 34-41-70, 35-73-06
Электрондық мекен-жайы: altynai.sadik49@mail.ru;
сайт: <https://altynai49.kz/wp-admin/edit.php>
фейсбук: altynai49
Instagram.com/sadik49_altinay
Ғимараттың типі: екі қабатты, кірпішті
Мекеменің қызмет түрі: мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру.
Қолданылуға берілген уақыты - 10 сәуір 2010 жылы
Жарғысы : Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 03 ақпандағы №267/0
бұйрығына 5-қосымша.
Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны
мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама: Алғашқы мемлекеттік
тіркеу күні 04.03.2010 жыл. БСН:100340003868, 21.02.2023 жылы
берілген.
Рұқсат беру құжаттары: Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы
хабарлама №KZ30RVK00002372; Қызметтің жүзеге асырылу күні:
18.05.2015
Пайдалануға берілген жер актісі: кадастрлық нөмірі: 21-318-041694
Мемлекеттік лицензиясы: Медициналық іс-әрекет жұмысының
мемлекеттік лицензиясы : №17010785, Лицензия берілген күні:
14.06.2017 жыл
Тұрғын емес үй-жайдың ауданы: 1,0537 ш.м.
Балабақша меңгерушісінің міндетін атқарушы:
Жолбарысова Мөлдір Айткалиевна
Туған жылы: 24.07.1986 жыл
Мамандығы: «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

Педагогикалық еңбек өтілі: 15 жыл

Байланыс телефоны: 87056227794

Қызметке : «Астана қаласы Білім басқармасы» ММ 2023 жылғы 18 қаңтардағы №54 ж/қ бұйрығымен тағайындалған. (Лауазымға тағайындалуы туралы көшірмесі қоса беріледі)



БҰЙРЫҚ

1003400038686, Астана қаласы,
Петров көшесі 3/1
Тел.: 35-73-06, 34-41-70

ПРИКАЗ

1003400038686, г.Астана
ул. Петрова 3/1
Тел.: 35-73-06, 34-41-70

20 24 ЖЫЛҒЫ «29» 04 № 41/4 Ж/Қ

**Балабақшаны өзін-өзі бағалауын
ұйымдастыру және өткізу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшерттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 2 ақандағы № 124 бұйрығына, Астана қаласының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2021 жылғы 10 қарашадағы № 133 бұйрығы мен балабақшаның кезектен тыс 2023 жыл 30 қарашадағы педагогикалық кеңестің шешімі негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Астана қаласы әкімдігінің № 49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК 01.04.2024 - 20.05.2024 ж.ж. аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып өткізілсін;
2. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрайымы: –І. меңгеруші м.а Л. Дуйсекулова

Комиссия мүшелері:

2. Туякбаева Т.С – педагог-психолог
3. Абдукадирова А.А. – инновация әдіскері
4. Акниязова Л.Ж. – тәрбиеші
5. Рахметова С.К. – тәрбиеші
6. Рашаева Б.А. – тәрбиеші
7. Бершімбаева Н.Б. – тәрбиеші

3. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін. (1 қосымша)*

4. Комиссия мүшелеріне бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші м.а



Л. Дуйсекулова



Бекітемін:
№49 «Алтынай» балабақшасының
МКҚК меңгерушісі м.а.
Л. Дуйсекулова

**№49 «Алтынай» балабақшасының 2023 -2024 оқу жылындағы өзін-өзі
аттестаттаудың жоспары**

р/с	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі №2 Педагогикалық кеңесте талдау	28 наурыз 2024 жыл	Менгеруші м.а. Л. Дуйсекулова
2.	2023-2024 оқу жылына №49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК –ның өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы бұйрық шығару	29 наурыз 2028 жыл	Менгеруші м.а. Л. Дуйсекулова
3	2023-2024 оқу жылына №49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК –ның өзін-өзі бағалауды жүргізудің жоспарын әзірлеу	29 наурыз 2024 жыл	Аттестаттау комиссия мүшелері
4	Өзін-өзі бағалаудың мақсатын, міндеттерін, принциптерін анықтау	01. сәуір 2024 жыл	Аттестаттау комиссия мүшелері
5	Оқу процесінің мазмұны бойынша ақпарат дайындау	өзін-өзі бағалау кезеңі	Әдіскер А.Абдукадирова
6	Балабақшаның заттық-кеңістіктік ортасын, материалдық – техникалық жағдайларын қамтамасыз ететін әкімшілік-шаруашылық қызметті талдау	өзін-өзі бағалау кезеңі	Менгеруші м.а. Л. Дуйсекулова Әдіскер А.Абдукадирова
7	Балабақшаның жылдық оқу – тәрбие жұмысының тапсырмаларын орындау	өзін-өзі бағалау кезеңі	Менгеруші м.а. Л. Дуйсекулова Әдіскер А.Абдукадирова
8	2023-2024 оқу жылындағы №49 «Алтынай» балабақшасының тәрбиеленушілерінің бағдарламаны игеруін талдау	өзін-өзі бағалау кезеңі	Әдіскер А.Абдукадирова Топ тәрбиешілері
9	2023-2024 оқу жылындағы №49 «Алтынай» балабақшасының тәрбиеленушілермен жұмыс жасауда инновациялық технологияларды қолдану, эксперименттік жұмыстарды жүргізу	өзін-өзі бағалау кезеңі	Аттестаттау комиссия мүшелері Эксперименталды топ тәрбиешілері
10	Дене тәрбиесі мен сауықтыру жұмыстары	өзін-өзі бағалау кезеңі	Аттестаттау комиссия мүшелері Әдіскер А.Абдукадирова

			Дене шынықтыру нұсқаушылары.
11	2023-2024 оқу жылындағы №49 «Алтынай» балабақшасының педагогикалық ұжымның жұмыс көрсеткіші	өзін-өзі бағалау кезеңі	Аттестаттау комиссия мүшелері Әдіскер А.Абдукадирова
12	2023-2024 оқу жылындағы №49 «Алтынай» балабақшасының тәрбиеленушілерінің жетістіктері	өзін-өзі бағалау кезеңі	Аттестаттау комиссия мүшелері Әдіскер А.Абдукадирова
13	2023-2024 оқу жылындағы №49 «Алтынай» балабақшасының ата- аналармен жұмыс	өзін-өзі бағалау кезеңі	Аттестаттау комиссия мүшелері Әдіскер А.Абдукадирова
14	Балабақшаның алдағы жұмысының болашағы	өзін-өзі бағалау кезеңі	Аттестаттау комиссия мүшелері Әдіскер А.Абдукадирова
15	Өзін-өзі бағалаудың есебі. Өзін-өзі бағалаудың қорытындысын шығару	өзін-өзі бағалау кезеңі	Меңгеруші м.а. Л. Дуйсекулова
16	№5 Педагогикалық кеңесте хаттамасы	өзін-өзі бағалау кезеңі	Әдіскер А.Абдукадирова Хатшы
17	Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы	өзін-өзі бағалау кезеңі	Меңгеруші м.а. Л. Дуйсекулова
18	2023-2024 оқу жылына №49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК –ның өзін-өзі бағалау қорытындысын балабақша сайтына орналастыру	өзін-өзі бағалау кезеңі	Меңгеруші м.а. Л. Дуйсекулова

№ 2 Педагогикалық кеңестің хаттамасы

Өткізу мерзімі: 2023 жыл 30 қараша

Тақырыбы: «Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз»

Қатысқан: педагогикалық ұжым

Күн тәртібінде:

1. №1 Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы
Меңгеруші м.а М.А. Жолбарысова
2. Білім күзінеттілігінің мониторингісі туралы сараптама
Инновация әдіскері А.А.Абдукадирова
3. «Физикалық қасиеттерді дамыту сапалылығы» туралы салыстырмалы бақылау
Әдіскер Л. Б. Дуйсекулова
4. №2 педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттің анықтамасы
Әдіскер Л. Б. Дуйсекулова
5. «Баланың балабақшаға бейімделуі» баяндама
Педагог-психолог Туякбаева Т.С.
6. Іс-тәжірибе: Жас ерекшеліктері бойынша физикалық қасиеттерді дамыту жұмыстары
Барлық топ тәрбиешілері
7. Тәжірибелік бөлім: «Дені сау баланың моделі» Педагогтермен іскерлік ойын
Дене шынықтыру нұсқаушысы А.Ж. Ибраева
8. Балабақшаның өзін-өзі бағалау туралы
Әдіскер Л. Б. Дуйсекулова
9. «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» көрме
10. №2 педагогикалық кеңес шешімі

Меңгеруші м.а М.А.Жолбарысова

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз бастаған балабақшаның меңгерушісі М.А.Жолбарысова педагогтерді №2 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып, №1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына тоқталды.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның инновация әдіскері А.А.Абдукадирова балалардың білім күзінеттілігінің мониторингісі туралы сараптама қорытындысына тоқталды. Оқу жылының басында қыркүйек айында алынған бастапқы бақылау барысындағы бес дағды бойынша көрсетіп отырған білім деңгейінің пайыздарын таныстырып өтті. Алдағы жылдың қаңтар айында

аралық бақылауды жүргізу кезінде балалар толық қамтылып, жаңадан ашылған топтардың бейімделу процесінен өтіп, оң нәтиже беретініне сенім артып отырғанын айтты.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз сөйлеген балабақша әдіскері Л.Б. Дуйсекулова «Физикалық қасиеттерді дамыту сапалылығы» туралы салыстырмалы бақылауының нәтижесімен бөлісті. Дене шынықтыру нұсқаушылары А.Ж.Ибраеваның және С.Е.Алимсакованың ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне қатысып бақылау жүргізілгенін айтты. Бақылау нәтижесінде балалардың физикалық қасиеттерін дамыту үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып жатқанын сөз етті. Әсіресе ұлттық құндылығымызды бала бойына сіңіре отырып ұлттық ойындарды жиі қолданып жүргенін айтты. Соның ішінде асық ойынына тоқталатын болсақ балалар асықты дәлден атып қана қоймай, сонымен қатар ұсақ қол моторикасын, ойлау қабірін, танымдық-зияткерлік қабілетін дамытып отыр. Асық ойынын ойнау арқылы бала мергендікке, достыққа, зеректікке, жылдамдыққа үйренетіні бәрімізге аян. Педагогтерге ескертетін жәйт балаларды дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті барысындағы қауіпсіздігі. Балалар байқаусызда дене жаракатын алмауы үшін арнайы спорттық киімде бірыңғай аяқтарына чешки киюін қатаң қадағалау тапсырылды.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Л.Б. Дуйсекулова №2 педагогикалық кенеске ұйымдастырылған ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің анықтамасына тоқталды. 16.10.2023 жылы «Ақ сұңқар» және «Бүркіт» ортаңғы тобының тәрбиешілері Абдирахманова Мадина Фахриддинқызы мен Ормашова Айнұр Жанабайевна «Біз шыныққан баламыз» тақырыбында кіріктірілген іс-әрекеттер ұйымдастырды. 17.10.2023 жылы «Ақ көгершін» және «Аққу» ересек тобының тәрбиешілері Рашаева Ботагөз Асылбековна мен Мустафақызы Маржан «Математика және денсаулық» тақырыбында кіріктірілген іс-әрекеттер ұйымдастырды. 18.10.2023 жылы «Самұрық» және «Қыран», «Қарлығаш» мектепалды топтарының тәрбиешілері Рахметова Салтанат Кадрияқызы, Бейсембекова Айнагүл Бейсембековна және Бестаева Асем Рамазановна «Денсаулық еліне саяхат» тақырыбында кіріктірілген ашық іс-әрекеттерін ұйымдастырды. 19.10.2023 жылы «Лашын» мектепалды шағын орталығының тәрбиешісі Ақниязова Любовь Жаксымуратовна 10 баламен «Денсаулық еліне саяхат» тақырыбында кіріктірілген іс-әрекет ұйымдастырды. Әр іс-әрекеттен соң талдау жүргізіліп, педагогтерге ұсыныстар мен ескертулер беріліп отырды. Алдағы уақытта педагогтерге берілген ұсыныстарды ескеріп сапалы әрі нәтижелі жұмыстар жүргізуге шақырды.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша балабақшаның педагог-психологі Т.С.Тұяқбаева «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбындағы баяндамасымен бөлісті. Әр баланың болмысы әртүрлі болғандықтан олардың балабақшаға бейімделуі де әр түрлі болатынын түсіндіріп шықты. Кей бала тез бейімделсе, кей бала тіпті 6 ай немесе 1 жылға жуық уақытта бейімделуі мүмкін. Бірақ 2023-2024 жаңа оқу жылында қабылданған 4 топтың да тәрбиеленушілері қысқа мерзімде бейімделгенін айтты. Баланың тез бейімделуі үшін ата-ананың да ықпалы зор. Егер ата-ана баланы балабақшаға алып келгенге дейін баламен сөйлесіп, өзі де тәрбиешіге баланы тапсыру кезінде үлкен сеніммен, жақсы

ниетпен қалдырса бала да ортаға тез бейімделеді. Ата-анасы баланы тапсырған соң уайымдап, терезеден сығалап мойынсұнбаса бала оны сезеді және бейімделу процесі қиындау болатынын айтып өтті.

6. Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша барлық топ тәрбиешілері жас ерекшеліктері бойынша физикалық қасиеттерді дамыту жұмыстарына байланысты іс-тәжірибелерімен бөлісті. Әр тәрбиеші өз тобының жас ерекшелігіне сай қолданып жүрген физикалық қасиеттерді дамытуға арналған ойындарымен бөлісті. Тиімді тұстарын талқылап баланың рөліне еніп ойын ойнады.

7. Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша сөз алған дене шынықтыру нұсқаушысы А.Ж. Ибраева «Дені сау баланың моделі» тақырыбында педагогтермен іскерлік ойынымен бөлісті. Өз тәжірибесінде қолданып жүрген ойындарды педагогтерге ойнатып, бойларын сергітті. Әр ойынның шарты балаға дұрыс түсіндірілуі өте маңызды. Ойынның шартын түсінбеген бала мақсатына жете алмайды, ойын аяқсыз қалады. Командалық ойындарда балалар ауызбіршілікке, ынтымаққа, достыққа тиянақтылыққа тәрбиеленеді. Ойын боймен қатар ойды да өсіретінін айтты.

8. Күн тәртібіндегі сегізінші мәселе бойынша әдіскер Л.Б. Дуйсекулова 2023-2024 оқу жылының сәуір-мамыр айларында балабақшаның өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілетінін айтты. Балабақшаның білім беру қызметіне өзін – өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері назарға алына отырып, өзін-өзі бағалауын комиссиямен жүргізу ұсынды. Өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып, өткізу үшін алдағы уақытта комиссия мүшесі құрылатынын ескертті.

9. Күн тәртібіндегі тоғызыншы мәселе бойынша барлық педагогтердің қатысуымен «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Педагогтер өздері күнделікті қолданып жүрген ойын технологияларының жинақтарымен бөлісті.

10. Күн тәртібіндегі оныншы мәселе бойынша сөз бастаған балабақшаның меңгерушісі М.А.Жолбарысова №2 педагогикалық кеңес шешіміне тоқталды.

Шешімдер қабылданды:

1. Білім құзіреттілігінің сапа деңгейін көтеру үшін жүйелі түрде жұмыстар жүргізілсін.

Жауапты: әдіскерлер, педагогтер

2. Физикалық қасиеттерді дамыту сапасын арттыруға күш салынсын.

Жауапты: нұсқаушылар, тәрбиешілер

3. Ұйымдастырылған ойын іс-әрекеттері жүйелі жүргізілсін.

Жауапты: әдіскерлер, тәрбиешілер

4. Баланың балабақшаға жылдам бейімделуі үшін педагог-психолог ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, өз кеңесімен бөліссін.

Жауапты: әдіскерлер, тәрбиешілер, педагог-психолог

5. Физикалық қасиеттерді дамытуға арналған ойындар үздіксіз жүргізілсін.

Жауапты: нұсқаушылар, тәрбиешілер

6. Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» балабақшасының өзін-өзі бағалауы үлкен жауапкершілікпен ұйымдастырылсын

Жауапты: әдіскерлер

7. Осы шешімдердің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



М.А.Жолбарысова

А.Ж.Абдалиева

Өзін – өзі бағалау қызметінің мақсаты мен міндеттері:

- Білім беруде бағдарлама мазмұнының тақырыппен сабақтастығының сақталуын қамтамасыз ету;
- Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін баланың отбасымен бірлесіп жұмыс істеу;
- Балабақша ұйымын арнайы мамандарымен қатамасыз ету.
- Педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету;

Осыған сәйкес келесі міндеттер анықталады:

- оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;
- қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;
- тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;
- креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

Негізгі тиісті принциптер:

- Балалардың денсаулығын нығайту және қорғау;
- Балалардың жеке жас ерекшеліктерін ескеру;
- Оқыту және тәрбиелеу үрдісін жүйелі және кешенді түрде жетілдіру;
- Бағдарлама материалдарының жүйелі бірізділігін қарастыру;
- Дамыта оқыту принципі;
- Халық педагогикасы және психологиясы негізінде оқыту және тәрбиелеу мазмұнын жаңарту.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ

Балабақшаның оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда басшылыққа алатын құжаттар:

✓ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен);

✓ «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен);

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы;

✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы (2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен);

✓ «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 Қаулысы;

✓ «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығы;

✓ «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (2020 жылғы 18 мамырдағы №207 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен);

✓ «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы.

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 1976 жылдан бастап жұмыс істейді. Жобалық қуаты-200 орын. Ғимарат типтік, екі қабатты. Жалпы ауданы - 1,0537га, ауданы-2251,9 м.кв. Балабақшаны сумен және жылумен жабдықтау орталықтандырылған.

Балабақшада жалпы видеокамералар саны - 40 (сыртта -17, іште-23), арнайы пандустар бар. Балалардың денсаулығын нығайтуға арналған спорт залы, музыка залы, тұзды шахта, футбол және баскетбол алаңы бар.

Балабақша әкімшілігі балабақшаға жылда жаңа оқу жылына қарсы топтарды пәндік-дамытушылық орталарын санитарлық талаптарға сай безендірілген. Барлық топ бөлмелері таза, санитарлық нормаларға сәйкес, жиһаздары педагогикалық талаптарға сай, балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жабдықталған.

Балабақша әр топта балаларды дамыту орталықтары балалардың жас ерекшеліктеріне және сұраныстарына сай жинақталған. Орталықтардағы көрнекі құрал-жабдықтар көркем, балалардың қызығушылықтарын арттыруға бейімделген. Жиһаздар, ойыншықтар, оқу, ойын көрнекі-құрал жабдықтары толығымен мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талабына сай, техника қауіпсіздігін сақтау талаптарына, санитарлық-тазалық нормасына, табиғи ерекшеліктеріне, жайлы қызмет көрсету принциптеріне сәйкес жинақталған.

- Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары;
- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары;
- Ұсынылатын қосымша материалдар мен жабдықтар;
- Шығармашылық дағдыларды, зерттеушілік әрекетті дамытуға арналған оқу және ойын материалдары;
- Ұсынылатын қосымша жабдықтар;
- Қимыл дағдыларын дамыту мен сауықтыруға арналған оқу және ойын материалдары;
- Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдары;
- Топтық бөлмеге арналған жабдықпен жиһаз;
- Топтық бөлме үшін ұсынылатын жабдық;
- Топтық бөлме үшін қосымша жабдықпен жиһаз;
- Жалпы моториканы және жұмсақ моториканы дамытуға арналған жабдықтармен жабдықталған.

Балабақшаның материалдық-техникалық базасы қазіргі тазалық және педагогикалық талаптарға сәйкес.

Тәрбиеленушілер қызметіне дене, интеллектуалдық, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік дамуын дамытуға арналған төмендегі бөлмелер ұсынылады:

- музыка залы;
- дене шынықтыру залы;
- психолог бөлмесі;
- мед.кабинет;
- тұзды шахта;

Техникалық құрал жабдықтар, компьютерлік техника, олардың саны:

- Телевизор – 10;
- Музыкальный центр – 3;
- Компьютер – 10;
- Ноутбук - 3;
- Принтер - 4;
- Ксерокс принтер – 2;
- Түрлі-түсті принтер – 2;
- Интерактивті тақта – 1;
- Экран – 1;
- Проектор – 3;
- Ламинатор – 1;
- Түптейтін машина – 1;
- Пианино - 1

№49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК білім беру тұжырымдамасы

Қазіргі заман талабына сай қоғамдағы маңызды мәселелердің бірі – білім беру саласының шарықтап дамуы. Біліктіліктің, тәжірибенің және халықтың әл-ауқатының жоғары болуы үшін болашақ ұрпағымызға жоғарғы дәрежеде білім мен тәрбие беру біздің міндетіміз болып табылады. Мектепке дейінгі мекемелер үнемі білім беру мен тәрбиелеу жүйесінің алғашқы баспалдағы ретінде әрқашан өзгеріп отыратын, қоғамға яғни қоршаған ортасына тез бейімделе алатын, жан-жақты дамыған, қабілетті баланың тұлғалық дамуына және қалыптасуына барлық жағдай жасау қажет.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Білім беру туралы жалпыға міндетті стандартында еркін тұлғаның тәрбиесіне, балалардың өзіндік креативті ойлау қабілетінің қалыптасуына, білімді қолдану мен ізденуіне және қарым-қатынасқа, мәдениетті байланыстарға дайын болуға үйретеді.

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі балаларды патриоттық рухта, туған жеріне деген сүйіспеншілікке, өз Отанына деген адалдыққа, табиғатқа, жан – жануарларға, қоршаған ортасына ұқыпты қарауға, бағалауға тәрбиелеу болып табылады.

Болашақ ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тәрбиелік бағыттағы іс-шаралар іске асырылуда. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру

мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік бағдарларды қалыптастыру және ата-аналарды тәрбие процесіне белсенді тарту бойынша жұмыс жалғастырылады. Бағдарлама аясында жыл сайынғы жоспар бойынша балабақшада тілдер апталығы, рәміздер күні, тәуелсіздік күні, алғыс айту күні, ұлыстың ұлы күні т.б. рухани тәрбиелік мәні бар іс-шараларды жоғарғы деңгейде ұйымдастырып келеміз.

Жас ұрпақты жақсылық жасауға баулитын, рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтін негізгі орта ол отбасы болып табылады. Әр отбасы ұрпағының бойына ата-бабамыздан бізге мұра етіп қалдырған барлық адами және рухани құндылықтарымызды сіңіртуі қажет. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді жете білуге үйрету баршамыздың міндетіміз. Балалардың ана тілінде сөйлеп, ана тілін құрметтеуге, мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, Отаны алдындағы борышын сезінуге тәрбиелеу ата-ананың және педагогтер қауымының басты міндеті. Сонымен қатар өзінің құрдастарымен жағымды қарым-қатынас орнатуға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге, игі істер жасауға деген ұмтылысын тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет.

Қазіргі таңда балабақшада күнделікті іс-әрекет барысында денсаулықты сақтау дағдылары, коммуникативтік-тілдік дағдылары, танымдық және зияткерлік дағдылары, шығармашылық дағдылары, әлеуметтік - эмоционалды дағдыларын дамытып, арттыру мақсатында педагогтар аянбай еңбек етуде. Түрлі жаңа технологиялардың тиімді тәсілдері мен әдістерін тиімді қолдану арқылы балалардың тілдерін дамытып, сөздік қорларын молайтып, креативті ойлауы мен зияткерлігін жетілдіріп, дербестігін, жауапкершілігін және кеңістікте бағдарлай білуін дамытады

- Коммуникативтік қарым-қатынас жасау, байланыс орнату, тіл табысу, үйлесімділік орнату қабілеті;
- Командада жұмыс жасай білу, бұл бір-бірімен келісе білу, өзара пікір алмасуды қолдау, басқа адамдарды түсінуге тырысу, өзінің және өзге адамдардың жасаған әрекеттерін бағалай білу. Топпен жұмыс жасау дағдыларын үйрету балаға кез-келген ортаға жылдам бейімделіп кетуіне септігін тигізеді.

№49 «Алтынай» балабақшасында 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуды жүзеге асырады. Осы тұжырымдаманың негізіне біліктілік көздерін, мәдениетті білетін жалпы адами және ұлттық құндылықтар мен біріктірілген тәсілдер негізінде оқу тәрбие процесін ұйымдастырудағы баланың жеке басын дамыту үлгісі жатады.

Келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін мамандардың, отбасының, әлеуметтің әрекеттестігімен нәтижелі үлгіні жасауға басты назар аударылады:

- салауатты өмір салты мен адамгершілік негіздерін қалыптастыру;
- баланы жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға, дамытуға жағдай жасау, оның дербестігін, шығармашылық әлеуеттігін, туған мәдениетінің қайнар көздеріне, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды бойына сіңіруге үйрету;

- патриоттыққа, адамгершілікке, рухани құндылықтарға тәрбиелеу;
- оқу-тәрбие процесіне қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен талаптарға сәйкес пәндік дамытушы ортасын қамтамасыз ету;

Күтілетін нәтижелер:


- Оқу тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтердің кәсіби біліктілік деңгейі сәйкестігінің болуы, әртүрлі инновациялық ойын іс-әрекетінің түрлерін меңгерту.
- Эксперименттік жұмыстарға қатыстыру, креативті ойлауын, танымдық дағдыларын кеңейту. Тіршілік иелеріне жанашырлық таныту, қарапайым зерттеуге қызығушылықтарын ояту және қоршаған ортасында өзін ұстай білу дағдысын жетілдіру.
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тәрбиеленушілерді ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

МКҚК №49 «Алтынай» балабақшасында тәрбиелеу мен оқыту процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жоспарланып жүргізіледі.

Балабақшаның кадрлық құрамына талдау

Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» балабақшасы және шағын орталығының 2023-2024 оқу жылындағы нақты көрсеткіші бойынша 23 педагог бар. Соның ішінде меңгеруші міндетін атқарушы - 1, әдіскер - 1, инновация әдіскері-1, педагог-психолог - 1, дене шынықтыру нұсқаушысы - 2, музыка жетекшісі – 2 және 15 тәрбиеші жұмыс атқарды.

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 100% -ды құрайды.



Педагогтардың білім деңгейі

Педагогикалық кадрлардың білім деңгейін талдау қазіргі уақытта педагогтардың санын көрсетті:

- "мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" бейіні бойынша жоғары білімі бар 9 (39,13%) педагог (оның ішінде меңгеруші және әдіскер);
- "мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" арнаулы орта білім беру-2 (8,70%) педагог;
- жоғары бейінді білім (музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы) – 3 (13,05%) педагог;
- "мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" бейіні бойынша педагогикалық қайта даярлау - 9 (39,13%) педагог

Педагогтардың біліктілік деңгейі

Оқу жылы	МДҰ барлық педагогтар	Біліктілік санаты							
		Педагог-зерттеуші	Жоғары	Педагог-сарапшы	Бірінші	Педагог-модератор	Екінші	Санаты жоқ	Үлесі %
2023-2024	23	0	1	0	2	7	3	10	57%

Педагогтардың біліктілігін арттыру

Тәрбиешілер, педагог-мамандар білім беру және біліктілік деңгейін жүйелі түрде арттырады, ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға қатысады.

Педагогикалық кадрлар курстық даярлықтан өту бойынша балабақшаның перспективалық жоспарына сәйкес және Астана қаласының әдістемелік орталығының кестесіне сәйкес кәсіби құзыреттілік деңгейін арттырады.

Мектепке дейінгі ұйымда педагогтардың біліктілігін арттыру үшін келесі педагогтармен жүргізілетін жұмыстар қолданылады:



**Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» балабақшасының педагог
қызметкерлерінің сапалық құрамы**

№	Біліктілікті жетілдіру курсынан өткен педагогтар	Лауазымы	Санаты	Оқу орнының атауы, бітірген жылы	Диплом бойынша мамандығы
1	Жолбарысова Мөлдір Айткалиевна	Меңгеруші м.а.	Басшы- ұйымдастырушы Бұйрық №1837 31.08.2023 - 31.08.2026 жыл	Жоғары «Қайнар» университеті 07.07.2008 жыл Магистр «Қайнар» (Семей) университеті 15.07.2013 жыл	«Қазақ тілі мен әдебиеті» №0034783
2	Дуйсекулова Лаура Беккалиевна	Әдіскер	Педагог – модератор Бұйрық №317 14.05.2021жыл	Жоғары Шымкент қаласы Аймақтық әлеуметтік- инновациялық университет 25.06.2018 жыл	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 5B010100 №1267287
3	Абдукадирова Анаргүль Абдукадировна	Инновация әдіскері	I санат 10.04.2020 №257ж/қ бұйрық	Жоғары Ташкент мемлекеттік педагогикалық институты 08.04.2014 жыл	«Қазақ тілі мен әдебиеті» №40654
4	Туякбаева Толхын Султановна	Педагог- психолог	Педагог – модератор Бұйрық №104 25.12.2020 жыл	Жоғары Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институты Алматы қаласы, 03.07.1989 жыл	«Мектеп жасына дейінгі балалар педагогикасы мен психологиясы» №805
5	Акниязова Любовь Жаксымуратовна	Тәрбиеші	Педагог – модератор Бұйрық №183 24.12.2021жыл	Жоғары ТДПИ Навоий филиали Навоий давлат пединститути 11.06.1996 жыл Білім және ғылым Министрлігінің ұлттық акредиттеу орталығы	«Қазақ тили ва адабиети» № 638 Куәлік Қазақстан Республикасы Халықаралық білім беруді дамыту академиясы «Мектепке дейінгі

				Анықтама №002089 01.09.2009 жыл	ұйымдарда тәрбиеші» 432 академиялық сағат №01-330 12.05.2022 жыл
6	Мықтыбаева Айнұр Дүйсеналықызы	Тәрбиеші	Санаты жоқ	Жоғары Жамбыл гуманитарлық- техникалық университеті №0242924 20.05.2012	050101- Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
7	Туркменбаева Гаухар Хусаиновна	Тәрбиеші	Педагог – модератор 31.08.2023- 31.08.2028жыл №1842 бұйрық	Жоғары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты «Тарих және география» №0457960 19.05.2004 жыл	«Тарих және география» №0457960
8	Абдалиева Альмира Жаңабергенқызы	Тәрбиеші	Жас маман	Орта Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Гуманитарлық колледжі» 29.06.2020 жыл	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» №336
9	Абдирахманова Мадина Фахриддиновна	Тәрбиеші	II санат Бұйрық №170 29.05.2019 жыл	Жоғары М. Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институты 20.06.2014 жыл	«Қазақ тілі мен әдебиеті» № 0792783 Куәлік Қазақстан Республикасы Халықаралық білім беруді дамыту академиясы «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші» 432 академиялық сағат №01-331 12.05.2022 жыл

10	Андасова Лаура Есиркеповна	Тәрбиеші	Санаты жоқ	Жоғары Аймақтық әлеуметтік – инновациялық университеті 25.06.2018 жыл	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 5B01000 №1266190
11	Бейсембекова Айнагуль Бейсембековна	Тәрбиеші	Санаты жоқ	Жоғары 1. Алматы мемлекеттік университеті 30.06.2000 жыл Жоғары 2. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК 21.07.2011 жыл	«Қазақ тілі мен әдебиеті» №799 «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» №767
12	Бердахметова Мадина Сериқовна	Тәрбиеші	Санаты жоқ	Жоғары Мирас университеті 05.07.2013 жыл	«Педагогика және психология» №1823 Куәлік Мемлекеттік лицензия АА№0002808 «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» 18.11.2014 №02628
13	Бершімбаева Нұрзина Бейбітовна	Тәрбиеші	I санат Бұйрық №724-ж/қ 28.08.2019 жыл	Жоғары «Тараз» институты» Жамбыл гуманитарлық- техникалық университеті 30.06.2008 жыл	«Педагогика және психология» Куәлік Мемлекеттік лицензия АА№0002808 «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» 04.11.2014 жыл
14	Рашаева Ботағоз Асылбековна	Тәрбиеші	I санат 10.04.2020-	Орта Абай атындағы	«Мектепке дейінгі тәрбие»

			10.04.2025 жыл №257ж/қ бұйрық	Жамбыл педагогикалық колледжі гуманитарлық институтының колледжі 30.06.1999жыл	№0069506
15	Сарекина Күміс Таңатқановна	Тәрбиеші	II санат Бұйрық №102 01.09.2020 жыл	Жоғары Академик Зұлқайнар Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік- техникалық университеті 09.07.2012 жыл	«Шет тілі: екі шетел тілі» 5B011900 №0349693 Куәлік Мемлекеттік лицензия АА№0002808 «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» 30.12.2020жыл № 06193
16	Мустафақызы Маржан	Тәрбиеші	Санаты жоқ	Жоғары Шымкент университеті 11.05.2021 жыл	«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» №209 Куәлік КБ №0682071 «Еуразия гуманитарлық институтының колледжі» Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі 12.04.2021 жыл
17	Косбармахова Аймереке Рахатовна	Тәрбиеші	Педагог- модератор Бұйрық №183 24.12.2021 жыл	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті 20.06.2011 жыл	«Қазақ тілі және әдебиеті» Куәлік РА №001063 «Рауан мамандандыру оқу орталығы» «Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің тәрбиешісі» 21.08.2017 жыл

18	Рахметова Салтанат Кадрияевна	Тәрбиеші	Жоғарғы санат Бұйрық №228 22.04.2020 жыл	Орта Қарағанды педагогикалық училищесі 16.06.1994 Жоғары Қарағанды мемлекеттік Е.А.Бөкетов атындағы университеті 05.05.2005 жыл	«Мектеп жасына дейінгі тәрбие» №03792 «Қазақ тілі мен әдебиеті» № 266
19	Тілеужан Айткүл Өлиқызы	Тәрбиеші	Жас маман	Орта Еуразия гуманитарлық институтының коледжі 23.07.2017 жыл	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» №89
20	Сайлаубай Ардақ Ақтайқызы	Музыка жетекшісі	Жас маман	Орта Астана қаласы Білім басқармасының «Гуманитарлық колледжі»МКҚК 26.06.2015	«Музыкалық білім беру» №0804511
21	Әлібекова Арайлым Хамитқызы	Музыка жетекшісі	Санаты жоқ	Жоғары Арқалық мемлекеттік институты 21.06.2002 жыл	«Музыка және ән айту» №4104
22	Есимова Мирамгуль Сериккалиевна	Дене шынықтыру нұсқаушысы	Педагог – модератор Бұйрық №170 24.12.2021жыл	Жоғары 1. Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті 02.07.2019 жыл Жоғары 2. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 29.07.2009 жыл	«Дене шынықтыру және спорт» №3971 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» №09697
23	Ибраева Айгүл Жакенқызы	Дене шынықтыру нұсқаушысы	Педагог- модератор №657 25.08.2022- 25.08.2027 жыл	Жоғары Аймақтық әлеуметтік- инновациялық университеті 05.07.2013 жыл Куәлік Астана қаласы, «ЖанҚадам»	«Педагогика және психология» №0546467

				Білім беру орталығы «Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру» 432 академиялық сағат 21.04.2023 жыл №00301	
--	--	--	--	--	--

**Педагогтардың 2023-2024 оқу жылындағы біліктілік арттыру курстары
туралы ақпарат**

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Курс тақырыбы	Өткізілу уақыты
1	Сагынбекова Гульбайра Мухтаровна	меңгеруші м.а.	«Өрлеу» Біліктілікті артыру ұлттық орталығы АҚ	11.09.2023- 22.09.2023
2	Абдукадирава Анаргүль Абдукадировна	Инновация әдіскері	«Өрлеу» Біліктілікті артыру ұлттық орталығы АҚ №074 00257 72 академиялық сағат 25.09- 05.10.2023 жыл	25.09.2023- 05.10.2023
3	Ибраева Айгуль Жәкенқызы	Дене шынықтыру нұсқаушысы	ҚР ОАМ «Ұлттық ғылыми- практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК №00446 80	02.10.2023 13.10.2023

			академиялық сағат	
4	Абдалиева А.Ж.	тәрбиеші	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АҚ №0740826 72 сағат	23.10.2023 02.11.2023
5	Рахметова С.К.	тәрбиеші	«Балаларды ерте дамыту институты РММ» №004803 72 сағат	04.12.2023 14.12.2023
5	Андасова Л.Е.	тәрбиеші	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК «Абай аманаты»	14.02.2024 29.05.2024
6	Акниязова Л.Ж.	<i>тәрбиеші</i>	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АҚ	26.02.2024- 07.03.2024
7	Дуйсекулова Л.Б.	<i>әдіскер</i>	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК «Заманауи педагогтің кәсіби шеберлігін шыңдау»	29.02.2024- 23.05.2024
8	Дуйсекулова Л.Б.	<i>әдіскер</i>	«Тәлімгер мектебі»	11.03.2024- 12 .03.2024

9	Абдирахманова М.Ф.	<i>тәрбиеші</i>	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АҚ	26.03.2024- 05.04.2024
10	Андасова Л.Е.	тәрбиеші	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АҚ	01.04.2024- 12.04.2024

Байқауларға қатысқан педагогтар тізімі

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Байқаудың тақырыбы	Өткізілу уақыты
1	Бестаева А.Р.	тәрбиеші	«Өнерлі балақай-2023»	02.10.2023
2	Рашаева Б.А.	тәрбиеші	«Өнерлі балақай-2023»	02.10.2023
3	Мустафақызы Маржан	тәрбиеші	«Менің отбасымның тарихы-Отанымның тарихы» Республикалық отбасылық шежіре шеруі байқауы «Ұлттық құндылықтарды насихаттаушы отбасы»	08.12.2023
4	Ақниязова Л.Ж.	тәрбиеші	1.Қалалық мәнерлеп оқу байқауы «Тәуелсіз Қазақстан бүлдіршіндерінің-Абай деп соққан жүрегі» «Бас жүлде»	15.12.2023

5	Рахметова С.К. Бершімбаева Н.Б. Әбілбекова А.Х.	Тәрбиеші Музыка жетекшісі	Халықаралық конкурс «Бала шабыты» өнер байқауы II орын	16.12.2023
6	Ақниязова Л.Ж.	Тәрбиеші	Мектепке дейінгі ұйымдар арасында «Ертегілер елінде» қалалық байқауы «Бас жүлде»	25.01.2024
7	Рашаева Б.А. Сайлаубай А.А.	Тәрбиеші Музыка жетекшісі	Халықаралық конкурс «Бала шабыты» өнер байқауы «Бас жүлде»	11.02.2024
8	Рахметова С.К.	Тәрбиеші	Қалалық «Бестемше» ұлттық ойыны Қатысқаны үшін алғыс хат	13.03.2024
9	Абдалиева А.Ж.	Тәрбиеші	«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» қалалық кезеңі	15.03.2024
10	Бестаева А.Р.	Тәрбиеші Дене шынықтыру нұсқаушысы Музыка жетекшісі	Қалалық брейн ринг	2-3.05.2024

Басылымға мақала жариялаған педагогтар тізімі

№	Педагогтың аты-жөні	Басылым атауы, номері	Мақаланың тақырыбы	Шығу уақыты
1	Сагимбекова Г.М.	Педагог	«Бала біздің	2023

		жаршысы	болашағымыз»	
2	Дуйсекулова Л.Б.	Педагог жаршысы	«Тіл меркесі – ел мерекесі!»	2023
3	Рахметова С.К.	Білімдегі жаңалықтар	Тәуелсіздік	2024
4	Дуйсекулова Л.Б.	Білімдегі жаңалықтар	Тәуелсіздік	2024
5	Дуйсекулова Л.Б.	Республикалық ғылыми-практикалық конференция жинағына жарияланды.	«Қазақстандағы қазіргі мектепке дейінгі білім: тәжірибесі, жағдайы және даму перспективалары» «Мектепке дейінгі ұйымдарда мнемотехника әдісін қолдану»	2023
6	Дуйсекулова Л.Б.	Республикалық ақпараттық-педагогикалық Елордалық білім газеті №2 (43) 26 ақпан 2024 жыл	«Тәрбие бесігі-балабақша»	2024

Тәрбиеленушілер контингенті:

Балабақшада мектепке дейінгі ұйымның үлгілік қағидаларына сәйкес, олардың жас ерекшелігі ескеріліп жүргізіледі. №49 «Алтынай» балабақшасында балаларды қабылдау 2 - 6 жас аралығында, шағын – орталықта 5-6 жас аралығында жүргізіледі. Балабақшада барлығы – 10 топ. Оның ішінде мемлекеттік тілде – 10 топ. Шағын орталықта барлығы – 2 топ, оның ішінде мемлекеттік тілде - 2топ.

Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы ата-аналардың өтініші бойынша жасалады. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қажетті бос орындар жыл бойы индиго порталына орналастырылады. Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды сақтау бойынша балалардың жасын

ескере отырып, жас топтары қалыптасқан. 1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімі сақталынады.

Оқу- әдістемелік жұмысы:

№49 "Алтынай" балабақшасының оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге бағытталған.

4.1. Тәрбие-білім беру процесі.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбие-білім беру үдерісін мыналарға сәйкес жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;
- 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;
- 4) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен;
- 5) республикалық және қалалық Сараптамалық Кеңестің Ғылыми кеңесінің қолдануына ұсынылған қосымша білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеуге сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспарды оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтар жасайды. 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие мен оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылына арналған перспективалық жоспарды тәрбиешілер мен басқа да педагогтар (қазақ және музыкалық жетекші, дене шынықтыру нұсқаушысы) жасады. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындау көзделген.

Циклограмма әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуінен бастап барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады.

2023-2024 оқу жылы балабақша топтарында ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Балалармен оқу процесін ұйымдастыру кезінде "Алматы кітап" оқу-әдістемелік кешені пайдаланылды.

2023-2024 оқу жылында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтар қағидаттарға бағдарланады:

- ойын арқылы оқыту;
- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету).

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен әдістерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескереді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру барысының тиімділігі туралы, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы – қыркүйекте, аралық - қаңтарда және қорытынды-мамырда).

Мониторинг мақсаты:

- баланың жетістіктерін бақылау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру барысын жетілдіру;
- баланың Типтік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер «Баланың жеке даму картасында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылады. Балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды толтырады. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші педагог-мамандармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Білім беру ұйымын бағалау критерийлеріне сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілді.

№ 49 «Алтынай» балабақшасының 2023 – 2024 оқу жылына арналған мақсаты мен міндеттері

Тақырыбы: «Ұлттық тәрбие негізінде балалардың тілдік-танымдық қабілеттерін дамыту»

Мақсаты: Заман талабына сәйкес ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген дені сау, танымдық қабілеттері, тілдері дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, ұлттық ойындар арқылы балалардың өмірі мен денсаулығын нығайту, патриотизмге баулу;
- инновациялық технологияларды қолдана отырып дамытушы ойындарды қолдану арқылы балалардың сөздік қорын, тілін дамыту.
- балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастықты нығайту

Инновациялық қызмет: эксперимент режимінде
№49 «Алтынай» балабақшасының «Абай аманаты» тақырыбындағы
эксперименттік алаң жұмысы бойынша 2023-2024 оқу жылындағы
талдауы

Максаты: Балаларға қазақ тілін меңгертудің тиімді жолын анықтау, қазақ тілі арқылы ұлттық құндылықтарды дамыту.

Міндеттері:

1. Балалардың бойына адамзаттық құндылықтарды тәрбиелеу.
2. Абай шығармашылығы арқылы балалардың таза, анық, тартымды сөйлеу дағдысын қалыптастыру.
3. Балалардың зерттеу дағдысын дамыту.

Эксперименттік алаңның іске асырылу мерзімі: 3 жыл

1. Талдамалық қызмет (ағымдағы жағдайды талдау, сандық және сапалық деректер-қазіргі уақытта педагогтердің, білім алушылардың/балалардың саны және т. б.

Педагогтердің саны -5

Балалардың саны-30

Бақылаушы топтардың педагогтері -2

Бақылаушы топтың балалар саны-30

2. Ұйымдастырушылық қызмет (ұйымдастырылған іс-шаралар: кеңестер, сауалнама, мониторинг және т. б.)

1. Сауалнама

«Абай Құнанбаев шығармашылығы туралы қаншалықты білеміз» тақырыбында педагогтерден сауалнама алынды.

2. Диагностика бойынша эксперимент топтың балаларының креативтік ойлау қабілеттерінің даму деңгейлеріне талдау жасалынды.

3. «Креативті педагог ол кім?» тренинг

4. «Міне, қызық!» Балаларды жәндіктермен тәжірибе жасауға қызықтыру, зерттеу жұмысы ортаңғы «Ақ сұңқар» тобымен ұйымдастырылды. Зерттеу жұмысын Абдирахманова Мадина өткізді.

Максаты: балалардың сөздік қорын дамыту, жәндіктердің тіршілігі, олардың атауы, пайдасы мен зияны туралы түсініктер беру.

Тақпақтар, мақал - мәтел, жұмбақ шешу арқылы балалардың ойлау қабілетін жетілдіру. Жәндіктерді ажырата білуге жаттықтыру.

Дамытушылық: есте сақтау қабілетін дамыту

Тәрбиелік мәні:табиғатты қорғау, оларға қамқорлық, адамгершілікке, достыққа баулу.Көрсету, әңгімелеу, сұрақ - жауап, ойын түрлері әдіскерлік тәсіл ретінде қолданылады.

5.Ұлттық ойындардың шығу тарихы «Асық және асық ойындарын зерттеу»тақырыбында ортаңғы топтар арасында дене шынықтыру нұсқаушысының жүргізуімен ұлттық ойын ұйымдастырылды.Тақырыбы. «Ұлттық ойындардың шығу тарихы.Асық және асық ойындарын зерттеу»
Мақсаты: Балаларға ұлттық ойындарды ойната отырып, ұлттық ойындар шығу тарихын түсіндіру.

Міндеттері: Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, тез ойлауға баулу.
Ұжымдыққа, ептілікке тәрбиелеу.

6.«Бұл қай кезде болады?» Маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін жетілдіру, зерттеу жұмысын ортаңғы «Ақ сұңқар» тобының тәрбиешісі Андасова Лаура жүргізді.

7. «Абай дара,Абай дана» атты балабақшаішілік байқау өтті

8. «Адамның қасиеті» Балалардың жақсы, жаман қасиеттер туралы білімдерін жетілдіру бойынша бақылау жүргізілді.

9.. «Мен кімін? » Балалармен өз есімдері туралы әңгіме жүргізілді.

10. Диагностика бойынша эксперимент топтың балаларының креативтік ойлау қабілеттерінің даму деңгейлеріне аралық диогностикалық талдау жасалынды.

11.Мақал-мәтел,жұмбақтар.«Достық, адамгершілік туралы мақал- мәтелдері»
Ұйымдастырылған іс –әрекет өткізілді.

Тақырыбы: “Достық,адамгершілік туралы мақал-мәтелдер”

Мақсаты: Балаларға Абай Құнанбайұлының өмір жолын түсіндіре отырып,балалардың сөздік қорын молайтуға және мақал-мәтелді есте сақтауға жаттықтыру. Балаларды достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

12.«Әжемнің ертегісі» балаларға ертегілер мен жыр-дастандар, хиссалар туралы түсінік беріп сахналады.

Тақырыбы: «Әжемнің ертегісі»

Мақсаты: Ертегілер арқылы балалардың танымдық қабілетін дамыту және де мінез-құлқындағы психологиялық өзгерістер байқалған балаларды ертегілер арқылы түзету, дамыту.

13.Ұлттық құндылық: «Ою»

«Ою»туралы мәлімет беру,құндылықты дәріптеу.ҰІӨ өтті.

Тақырыбы: «Ою-өрнек»

Мақсаты:Балаларды қазақ халқының қол өнерімен таныстыруды жалғастыру ою туралы мағлұмат беру.Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді қолдана отырып,ою-өрнекті жапсыруды үйрету.

14.«Менің сүйікті ертегім» Бақылау жүргізілді.

15. Ұлттық аспаптарды зерттеу. Домбыра, қобыз, сырнай туралы музыкалық аспаптарға зерттеу жүргізілді. ҰІӨ өткізілді.

Мақсаты: Балалардың ұлттық аспаптар туралы түсінігін қалыптастыру. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Керекті құралдар: Сазсырнайлар, ұлттық аспаптар

16. «Сиқырлы асықтар» Асық шиірудің әдісін дұрыс үйрету, ұсақ қол бұлшықеттерін дамыту, қимылды ойындар арқылы ұйымдастырылған іс әрекет өтті.

17. «ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН БҮЛДІРШІНДЕРІНІҢ – АБАЙ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ» қалалық байқау өтті.

18. «Абай жаққан бір сәуле» Мектеппен сабақтастық. Абай өлеңдерінен байқау ұйымдастырылды. Бастауыш буын мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы оқу тәрбие, оқу әдістемелік жұмыстың үздіксіз сабақтастықта болуын қамтамасыз ету. «Абай жаққан бір сәуле» байқауына қатысқан балалардың шығармашылығымен танысып, бағалау.

«Абай жаққан бір сәуле» байқаудың қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды анықтау.


1. Байқауға мектепалды топтарының тәрбиеленушілері және мектеп оқушылары қатысты. Қатысушының жасына сәйкестігі; сахна мәдениеті, ұлттық костюм, реквизит, орындау мәдениеті; креативтілік, шығармашылық және эмоционалдылығы негізінде бағаланды.

2. Жоғарыда берілген мәліметті ескере отырып комиссия құрамының мүшелері ең жоғары ұпай жинаған қатысушыларға бас жүлде, I-1, II-1, III-1 орындар және номинациялар беруді ұсынып, жүлделі орын иегерлерін анықтады:

19. Қорытынды диагностика бастапқы және аралық диагностика қорытындысы мен салыстырылды.

Эксперименттік алаң бойынша 2023-2024 оқу жылыда балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бастапқы салыстармалы көрсеткіштері

Топ	Бастапқы				%
	Бала саны	I	II	III	
«Ақ сұңқар» ортаңғы топ	27	9	10	8	66%
«Бүркіт» ортаңғы бақылау топ	23	8	9	6	52%




Ортаңғы «Ақ сұңқар» эксперименттік тобынан барлығы 27 бала қатысты. Бірінші деңгей 10 бала 37%, 11 бала яғни 40% екінші деңгейді, ал үшінші деңгейде 6 бала 23%.

Ортаңғы «Бүркіт» бақылау тобынан 23 бала қатысты. Бірінші деңгей 10 бала, екінші деңгей 9 бала, ал үшінші деңгейде 4 бала болды.

Эксперименттік алаң бойынша 2023-2024 оқу жылында балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін аралық салыстармалы көрсеткіштері

Топ	Аралық				%
	Бала саны	I	II	III	
«Аққу» ортаңғы топ	25	7	13	5	75%
«Бүркіт» ортаңғы бақылау топ	20	7	9	4	62%




Ортаңғы «Ақ сұңқар» эксперименттік тобынан барлығы 25 бала қатысты. Бірінші деңгей 7 бала 28%, 13 бала яғни 52% екінші деңгейді, ал үшінші деңгейде 5 бала 20% .

Ортаңғы «Бүркіт» бақылау тобынан 20 бала қатысты. Бірінші деңгей 7 бала 35%, екінші деңгей 9 бала 45%, ал үшінші деңгейде 4 бала 20 % .

Эксперименттік алаң бойынша 2023-2024 оқу жылыда балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін қорытынды салыстармалы көрсеткіштері

Топ	Қорытынды				%
	Бала саны	I	II	III	
«Ақ сұңқар» ортаңғы топ	25	19	4	2	95%
«Бүркіт» ортаңғы бақылаушы топ	19	10	5	4	88%



Ортаңғы «Ақ сұңқар» эксперименттік тобынан барлығы 25 бала қатысты. Бірінші деңгей 19 бала 76%, 4 бала яғни 16% екінші деңгейді, ал үшінші деңгейде 2 бала 8%.

Ортаңғы «Бүркіт» бақылау тобынан 19 бала қатысты. Бірінші деңгей 10 бала 52%, екінші деңгей 5 бала 26%, ал үшінші деңгей бала болды 16%.

3.Оқу-әдістемелік қызмет(өткізілген семинарлар, вебинарлар, шебер-сыныптар,арттыру курстары, тренингтер, салыстырмалы диаграммалар, кестелер және т.б)

1. «Абай аманаты» атты тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсы.

	Іс-шаралар	Өткізу мерзімі	Практикалықшығуы
	«Абай дара, Абай дана»	9.11.2023ж	
	«Тәуелсіз Қазақстан бүлдіршіндерінің –Абай деп соққан жүрегі»	15.12.2024ж	
	«Абай жаққан бір сәуле»	15.05.2024ж	

4.Ғылыми-әдістемелік қызмет (ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу,БАҚ-тағы мақалалар, ОЭЖ шығару және т. б.)

5.swoT- талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Бала бойынан әдебиетке, мәдениетке деген сүйіспеншілікті дамыту, ұлттық құндылықтарды тәрбиелейді.	Абай шығармашылығының күрделілігі. Бірақ мектеп жасына дейінгі балаларға бейімдеуге болады.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
әлеуметтік серіктестермен, мектеппен сабақтастық орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар балабақша мен ата-ана арасындағы ықпалдастыққа жол ашады.	кей педагогикалық ұжымның бұл жұмысты жүргізуге құштарлығының төмен болуы

6.Мәселелерді шешу жолдары

	Іс-шаралар
	Егер бұл эксперимент алаңының жұмысы нәтижесінде, балабақша

	тәрбиеленіушілерінің ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармашылығымен алғашқы танысу әлемі басталса, онда мектептегі «Абайтану» пәніне сабақтастық орнайды. Балалардың әдеби, көркем, таза сөйлеу дағдысы қалыптасып, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіреді.
--	--

7.Күтілетін нәтиже

8.Эксперимент аяқталғаннан кейін тәжірибені тарату бойынша ұсыныстар.

9.Эксперименттік алаң қызметінің нәтижелігін растайтын материалдар (жинақтар, ООК, мониторинг және т. б.)

Оқу-материалдық активтер:

Ғимарат туралы мәлімет (*ғимарат типі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу өткізуге қажеттілік және басқалары*):

Ғимараттың типтік сипаттамасы:	1. Балабақша -2 қабатты типтік ғимарат 2. Шағын орталық-балабақша ішінде 1- қабатта орналасқан
Құрылған жылы:	Балабақша -1976 жыл
Жобалық қуаты:	Балабақша -200 бала Шағын орталық – 30 бала
Ағымдағы және күрделі жөндеу өткізуге қажеттілік және басқалары	Балабақша мен шағын орталықта күрделі жөндеу жұмысы 2022 жылы жүргізілді. Балабақшаның спорт алаңын, мафтарды, жиһаздармен кереуеттерді жаңарту, компьютер-принтерлерді жаңарту т.б. қажет.

5.2. Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22қаңтарында бекітілген № 70 бұйрығы бойынша № 49 «Алтынай» балабақшасы мен шағын орталығының жиһазбен және құралдармен жабдықтау нормасына сәйкес жабдықталған. Балабақша мен шағын-орталықтың барлық топтары, кабинеттері, музыка залы интерактивті тақталар және компьютер- ноутбуктармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар 1-сиқырлы қалам, 2-балапан, электронды киіз үй әдістемелік оқыту кешендері, , Воскобович ойындары: Күлгін орман кілемі-4, коврограф-4 және көптеген әр түрлі дамытушы ойындар, Кюизенер таяқшалары, Дьенеш ойындары, «Фребель сыйы», үлестірмелі және көрнекі материалдар, барлық топтарда дидактикалық, логикалық, қимылды, ұлттық, үстел үсті, дамытушы

ойындары жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген. Топтардағы заттық-дамытушы орта балалардың жас ерекшелігіне сай еркін, қолжетімді, қауіпсіздік жағдайлары ескеріліп орналастырылған, күнделікті балалармен өткізілетін іс-әрекетте қолданылады. Балалардың жас ерекшелігіне сай барлық топтарда ойындар, көрнекілік материалдар, қажетті ақпараттар жинағы электронды нұсқада дайындалған. Педагогтар ұйымдастырылған іс-әрекетте қазіргі заман талабына сәйкес қажетті аудио, бейне жазбалар, ертегілер т.б. көптеген ақпараттарды интерактивті тақта арқылы қолданады. Музыка және дене шынықтыру залы, психолог кабинеттері МЖМС сәйкес жабдықталған.

Балабақшаның кіші тобында: танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, танымдық қызығушылықты белсендіретін жылжымалы ойыншықтар, ашық ойындарға арналған жабдықтар, ірі және ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын құралдары, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар бар.

Ортаңғы жастағы топтарда топтық бөлме білім беру ойыншықтарымен жабдықталған, лево, шығармашылыққа арналған материалдар, театрландырылған ойынға арналған киіну бұрышы, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылықты арттыру үшін табиғи материалдар.

Ересек және мектепалды топ бөлмелері «сөйлейтін қабырғалар» стилінде безендірілген; интеллектуалды қабілеттерді дамыту үшін бұрыштарда күрделі пазлдар, конструкторлар, қарапайым математикалық ұғымдар мен сауаттылық негіздерін игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сандар, сөздер, кестелер, үлкен қаріппен кітаптар, бояу беттері, сандар мен әріптермен баспа ойындары, ребустар, құралдар, балалар энциклопедиялары, жануарлар туралы иллюстрацияланған басылымдар орналастырылған планетаның өсімдіктер әлемі, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карталар, киіну бұрышы, театрдың әртүрлі түрлері, табиғат бұрышы, танымдық-зерттеу жұмыстарына арналған құрылғылар, проектор интерактивті жабдық.

Балабақшада: дене шынықтыру және музыка залы, психолог, әдістемелік кабинет, медициналық кабинеттер жұмыс істейді.

Дене шынықтыру залы әртүрлі қозғалыстар мен спорттық ойындарға арналған спорттық жабдықтармен және құрылғылармен жабдықталған. Дене шынықтыру залында: жұмсақ спорт модулі, швед қабырғасы, гимнастикалық орындықтар, әртүрлі мөлшердегі шарлар, құрсаулар, лақтыруға арналған дорбалар, түрлі-түсті ленталар, жалаулар, жұмсақ текшелер, доғалар, арқан, түйреуіштер, жалпы дамыту жаттығуларын орындауға арналған текшелер бар. Балалардың эмоционалды көңіл-күйін қалыптастыру үшін залда музыкалық центр бар және интерактивті тақта бар.

Музыкалық зал балаларға арналған музыкалық аспаптармен, музыкалық техникамен және интерактивті жабдықтармен жабдықталған.

Балабақшаның әдістемелік кабинетінде үлгілік оқу бағдарламасы мен МЖМБС талаптарына сәйкес әдістемелік, оқу – тәрбие, ата-аналармен және тәрбиешілермен жұмыс істеуге арналған консультациялық материал, көркем

және энциклопедиялық әдебиет, педагогтар портфолиосы, үлестірме материал шоғырланған. Мемлекеттік, орыс тілдерінде бейне және аудио материалдарды жинақтау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Психологтың кабинетінде тиісті жабдықтар: әдістемелік материал, техникалық жабдықтар, жылжымалы жиһаз, жұмсақ диван, танымдық сипаттағы ойыншықтардың алуан түрлілігі, әдебиеттер мен журналдар.

Балабақша аумағында жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың, бұталардың әртүрлі түрлері отырғызылды, гүлзарлар салынды. Балалар ойын алаңдарында Мафтар (шағын архитектуралық нысандар) орналастырылған: беседкалар, сырғанақтар, баспалдақтар, әткеншектер, карусельдер, орындықтар, үстелдер, секіргіштер, спорт кешендері, серіппелі әткеншектер, орындықтар және басқа жабдықтар.

Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қоры:

Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер:

№49 «Алтынай» балабақшасы мен шағын орталығы негізгі қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылған. Балабақшаның барлық топтарында мектепке дейінгі білім беру құқықтық – нормативтік актілері, барлық жас ерекшелігіне байланысты оқу бағдарламалары, ғылыми-әдістемелік және көркем әдебиеттер бар. Педагогтар мен балалар қазақ тіліндегі әдебиеттерді қолданады. Барлық теориялық материалдар жүйеленген және әдістемелік кабинетте бар. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жұмысы тиімді болу үшін, әдіскердің кабинетінде қажетті көрнекі құралдар бар. Сонымен қатар педагогтарға арналған арнайы оқу-әдістемелік құралдар және кітаптар, журналдар жинағымен қамтамасыз етілген.

Интернет жылдамдығы 40Мб/с құрайды.

Ескерту: Мектепалды топтарында оқыту-әдістемелік кешендері барлық балаларда бар, ата-аналардың өз қаражаты есебінің негізінде еркін түрде алынған.

Тәрбиеленушілер қызметіне дене, интеллектуалдық, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік дамуын дамытуға арналған төмендегі бөлмелер ұсынылады:

- музыка залы;
- дене шынықтыру залы;
- психолог бөлмесі;
- мед.кабинет;
- тұзды шахта;

Техникалық құрал жабдықтар, компьютерлік техника, олардың саны:

- Телевизор – 10;
- Музыкальный центр – 3;
- Компьютер – 10;
- Ноутбук - 1;
- Принтер - 9;

- Түрлі-түсті принтер – 2;
- Интерактивті тақта – 1;
- Экран – 1;
- Проектор – 3;
- Ламинатор – 1;
- Түптейтін машина – 1;
- Пианино - 1

Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау:

Мониторингтің мақсаты: Мектептегі білім мен тәрбие оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтің жету деңгейін бақылау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын балалардың игеруін бақылау;
- балаларға жасына сәйкес біліктер мен дағдыларды игерту;
- баламен жүргізілетін жеке жұмыстың мазмұнын айқындау;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау;
- мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыру;
- педагогтердің кәсіби шеберліктерін арттыру.

Диаграммада мектепалды топтары балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын игеру мониторингінің нәтижелері көрсетілген. Мониторингтің нәтижелері негізінде оқу жылында «Баланың жеке даму картасы» толтырылды.

2023-2024 оқу жылында балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы және аралық мониторинг нәтижелері бойынша көсеткіштердің жақсарғаны байқалады.

Білім беру қызметі үлгілік бағдарламаға сәйкес жоспарлы, жүйелі жүргізіледі.

Тәрбиеленушілердің бағдарлама мазмұнын нәтижелі игеруіне өткізілетін әдістер мен формалардың дұрыс таңдалып алынуыда оң нәтижесін берді. Сонымен қатар топтағы ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастыруда келесі жағдайлар жасалған:

- қызығушылығы, ерекшеліктері және қажеттілігі ескере отырып, топта дамытушы орта құрылған;
- балалардың мүдделері ескеріліп отырады;
- қолайлы психологиялық және эмоционалдық атмосфера құрылып қолданылуда;
- балалардың логикалық ойлауын, еске сақтауын, қиялын дамытуға бағытталған күнделікті дидактикалық және сөздік ойындар ұйымдастырылып өткізілуде.

- жұмыстың тиімділігін талдау мақсатында МЖМБС қарастырылған индикаторлар жүйесін пайдалана отырып, балалардың дағдыларын дамыту диагностикасының әдістерін енгізуді жалғастыру;
- әр баланың дағдыларын дамыту деңгейін диагностикалау арқылы педагогтар қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу.

Балалардың біліктері мен дағдыларын дамуын бағалау көрсеткіштері білім беру траекториясының өсу динамикасын дамытуға және түзету іс-шараларын жоспарлауға негіз болып табылады. Осы оқу жылға арналған педагогикалық процесті ұйымдастырудың басты шарты-мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және тәрбиелеу мен білім беруді жан-жақты дамытуға ықпал ете отырып, физикалық дамуын, коммуникативті, танымдық, зияткерлік шығармашылық, эмоционалды-әлеуметтік дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.

Ата – аналармен жұмыс

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда баланың өмірі мен дамуына ықпал ететін барлық факторларды ескеру біздің міндетіміз. Демек, баламен жұмысты ата-аналармен, қоршаған ортамен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды. Барлық ерекшеліктер: әлеуметтік жағдайы, отбасы тарихы, елдің мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлері, баланың мінез-құлқы мен ерекшеліктері ескеріледі. Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу және оларды бейімдеу мен оқыту процестеріне тарту балабақшамыздың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Ата-аналармен жұмыста ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтары пайдаланылады, олар тренингтер, семинарлар, «игі істер күндері», ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата-аналар конференциясы, ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға, олардың назарын балабақшаға аударуға бағытталған дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары түрінде өтіп отырады, ата-аналар өз баласын жақсы білуі үшін, оны басқа, өзі үшін таныс емес жағынан көруі үшін, педагогтермен өзара қарым-қатынаста болуы үшін барлық жағдай жасалған. Жеке және топтық консультациялар, ата-аналар жиналыстары, әртүрлі мәселелер бойынша пікірталастар, педагогикалық қонақ бөлмелері, сұрақ-жауап кештері, оқу-қызметтерінің бейнежазбалары және режимдік сәттерді қарау, содан кейін талқылау мен басқалары кешенді түрде ұсынылып отырады. Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың ата-аналары үшін белсенді етудің интерактивті әдістерін қолдану, сұхбаттасу, талқыланатын мәселені рейтингтік бағалау, әрқилы бірнеше көзқарасты талқылау жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Консультациялық пункт қызметі жұмыс жасайды. Ата-аналар мерекелік ертеңгіліктерде де өздерінің үлкен көмектерін көрсетеді, яғни костюм дайындау, мерекелік безендірулерге, қойылымдарға белсене қатысып отырады.

«Ашық есік күндері» тәрбиешілер мен мамандар үлкен шығармашылық дайындықпен өткізеді. Ата-аналар балабақшаның таңертеңнен

ұйымдастырылған оқу-тәрбие үрдісіне қатысып, пікір алмасу, сауалнама жүргізу жұмыстары жүргізіледі. Ата-аналар балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес өткізілетін ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысып, өз ризашылықтарын білдіріп келеді.

№5 педагогикалық кеңестің хаттамасы

Тақырыбы: «Өткен оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі»

Өткізген күні: 30 мамыр, 2024 жыл

Қатысқан: педагогтер, тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің анықтамасы
Меңгеруші м. а. Л.Дуйсекулова
2. Педагогтердің жыл бойы істелінген жұмыстары бойынша есеп беруі
Педагог-психолог, мамандар, тәрбиешілер
3. 2023-2024 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптамасы (диагностика)
Инновация әдіскері: А.Абдукадирова
4. Инновация жұмысы туралы есеп
Инновация әдіскері: А.Абдукадирова
5. Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің өткізу деңгейіне анықтама
Әдіскер Л.Дуйсекулова
6. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жұмыстарының қорытындысы туралы
Меңгеруші м. а. Л.Дуйсекулова
7. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау
Меңгеруші м. а. Л.Дуйсекулова
8. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту
Меңгеруші м. а. Л.Дуйсекулова

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған балабақша меңгерушісі м.а. Л. Дуйсекулова №4 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына тоқталды. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында жұмыстар жүргізілгенін және педагогтердің аттестациядан өтуі үшін қажетті құжаттарды жинақталып, ПББ жүйелі жүргізілгенін айтып өтті. Ұлттық құндылықтарымыз бен салт – дәстүрімізді насихаттау үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, ата-аналармен жұмыстардың нәтижелі өткенін сөз етті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның педагог-психологы, мамандары, тәрбиешілері жыл бойы істелінген жұмыстары бойынша өз есептерін берді. Оқу жылында кездескен қиындықтарға қарамастан педагогтар жоғары деңгейде жұмыс атқарауға тырысты. Балабақша жоспарына сай барлық іс-шаралар ұйымдастырылып отырды. Бес дағдыны игеру бойынша балалардың білім деңгейлері жоғары деңгейді көрсетті. Ата-аналармен де байланыс үнемі бақылауда болды. Педагогтер

Астана қаласының Әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткізілген байқауларға үнемі қатысып, іс-тәжірибелері үнемі баспа бетінде жарияланып отырғанын айтты. Балабақша тәрбиеленушілерінің де қалалық, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болғанын, жеткен жетістіктері мен жыл бойы атқарынған жұмыстарына анықтамасын беріп шықты.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша сөз алған балабақшаның инновация әдіскері А. Абдукадирова 2023-2024 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша қорытынды сараптамасына тоқталып, білім деңгейінің көрсеткішін айтып өтті.

«Бұлбұл» кіші тобы

Ф- 78 %

К- 73 %

Т- 81%

Ш- 79 %

Ә – 76 %

«Бүркіт» ортағы топ

Ф- 87 %

К- 84%

Т- 82%

Ш- 85%

Ә – 85 %

«Шағала» ортаңғы топ

Ф- 67 %

К- 64%

Т- 66%

Ш- 77%

Ә – 64%

«Ақ көгершін» ересек топ

Ф- 85 %

К- 75%

Т- 78%

Ш- 86%

Ә – 82%

«Қыран» мектепалды топ

Ф- 92 %

К- 86%

Т- 84%

Ш- 87%

Ә – 83%

«Лашын» мектепалды топ

Ф- 96 %

К- 96%

Т- 92%

«Балапан» кіші тобы

Ф- 75 %

К- 69 %

Т- 68 %

Ш- 70 %

Ә - 73%

«Ақ сұңқар» ортаңғы топ

Ф- 87 %

К- 85 %

Т- 88 %

Ш- 87 %

Ә - 88%

«Аққу» ересек топ

Ф- 80 %

К- 75 %

Т- 76 %

Ш- 86 %

Ә - 88%

«Самұрық» мектепалды топ

Ф- 81 %

К- 85 %

Т- 79 %

Ш- 82 %

Ә - 76%

«Қарлығаш» мектепалды топ

Ф- 85 %

К- 83 %

Т- 86 %

Ш- 84 %

Ә - 85%

«Бозторғай» мектепалды топ

Ф- 96 %

К- 95%

Т- 93 %

Ш- 96%

Ә - 96%

Ш- 96 %

Ә - 96%

Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша балабақшаның инновация әдіскері А.Абдукадирова Эксперименттік алаң жұмысының жылдық қорытынды есебі және балабақшада 2023-2026 оқу жылдарына арналған «Абай аманаты» атты эксперименттік білім беру бағдарламасын іске асыру бойынша анықтамасын берді. Оқу жылының барысында «Тәуелсіз Қазақстан бүлдіршіндерінің Абай деп соққан жүрегі» атты қалалық мәнерлеп оқу байқауы Астана қаласының Әдістемелік орталығымен бірлесе отырып ұйымдастырғанын және Мектеппен сабақтастық жұмыс жоспарына сай бастауыш сынып оқушылары мен мектепалды топ тәрбиеленушілері арасында «Абай деп соққан жүрегім» атты мәнерлеп оқу байқауы жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айтты.

Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша сөз алған балабақша әдіскері Л.Дуйсекулова қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің өткізу деңгейінің анықтамасына тоқталып өтті. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы балалардың бір-бірімен еркін қарым-қатынасқа түсіп отырғанын, достыққа, бауырмашылдыққа, татулық және ауызбіршілікке тәрбиеленгенін айтты. Жыл бойы қамтылған бағдарламаны балалар жас ерекшеліктеріне сай меңгергенін, тәрбиешілердің жоғары деңгейде ізденіп, дайындалғанын сөз етті.

Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша сөз алған балабақша меңгерушісі м.а. Л.Дуйсекулова балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жұмыстарының қорытындысына тоқталды. Балабақшаның өзін-өзі бағалау нәтижелері мектепке дейінгі ұйымның жұмысын тиімді деп санауға болатындығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қызметті басқару мектепке дейінгі білім беру саласындағы ҚР «Білім туралы заңына» және ұйымның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылғанын және басқару құрылымы мен механизмі мекеменің тұрақты жұмысын анықтағанын айтты.

Күн тәртібінің жетінші мәселесі бойынша сөз алған балабақша меңгерушісі м.а. Л.Дуйсекулова аттестатталушы педагогтің еңбек өтілі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби біліктілігінің жоғары болуы, өзінің және балалардың жетістіктерінің болуын айта келе 2024-2025 оқу жылында аттестатталатын педагог қызметкерлерінің өтініштері осы бағытты ескере отырып қарастырылғандығын айта келе тізімін таныстырды.

Күн тәртібінің сегізінші мәселесі бойынша сөз алған балабақша меңгерушісі м.а. Л.Дуйсекулова жазғы сауықтыру шараларына тоқталып, жоспарымен және күн тәртібімен таныстырып өтті. Жаз мезгіліне 6 топ жасақталатынын және педагогтердің үлкен жауапкершілікпен жұмыс жасауын ескертті. Балалардың қауіпсіздігі бірінші орында болғандықтан өте мұқият болуларын, серуенге шыққанда, кіргенде тәрбиеші көмекшісімен бірге балаларды санап, тексеріп кіргізуді тапсырды. Өз ұсынысын айта отырып, педагогикалық кеңеске қорытынды жасады. №5 педагогикалық кеңестің шешімін шығарды. Алдағы оқу жылында мамандардың жұмыстарын ерекше

назарда ұстап, жоспар бойынша әрбір іс-әрекеттерін жоғары деңгейде ұйымдастырылуына баса назар аударылатынын атап өтті.

Шешімдер қабылданды:

1. 2023-2024 оқу жылында тәрбиешілердің, мамандардың жылдық есептеріне жоғары деңгейде баға берілсін.

Жауапты: әдіскерлер

2. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жұмыстарының қорытындысы дұрыс деп табылсын

Жауапты: комиссия мүшелері

3. Аттестатталатын педагогтердің тізімі бекітіліп, педагогтер құжаттарын жинақтап, тестке дайындалсын.

Жауапты: педагогтер

4. Осы шешімдердің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Төрайымы:

Хатшы:



Л.Дуйсекулова

А. Абдалиева

Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары:
Өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытындысы

Комиссия мүшелері 2024 жылдың 01 сәуір 2024 жылдың 20 мамыр аралығында № 49 «Алтынай» балабақшасында МКҚК өзін-өзі бағалау өткізді.

Өзін-өзі бағалау мақсаттары:

1. Балабақша қызметі туралы ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету;
2. Балабақшадағы педагогикалық процесс жағдайы туралы шынайы ақпарат алу;
3. Педагогикалық үдерістің нақты жағдайы және жұмыс жоспарының сәйкестік деңгейін анықтау.

Өзін-өзі бағалау міндеттері:

1. Бағалау және зерттеу нысандарының өлшенетін сапаның пайда болу деңгейін анықтау;
2. Балабақшадағы педагогикалық үдерістердің бағалау мінездемелер жүйесін құру;
3. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі, анықтау және бағалау (өзін-өзі бағалау) нысандарындағы жағымды тенденцияларды анықтау;
4. Мәселелерді зерттеу және бағалау (өзін-өзі бағалау) барысында пайда болу себептер мен шешу жолдарын анықтау.

№49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК-ның өзін-өзі бағалау нәтижелері мектепке дейінгі ұйымның жұмысын тиімді деп санауға болатындығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қызметті басқару мектепке дейінгі білім беру саласындағы ҚР «Білім туралы заңына» және ұйымның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылды. Басқару құрылымы мен механизмі мекеменің тұрақты жұмысын анықтады. Балабақшадағы педагог қызметкерлердің негізгі бөлігі тәжірибелі мамандар, көп жылдан бері еңбек етіп келеді, педагогикалық құрам ұжымда тұрақты. Биылғы оқу жылында жас мамандар жұмысқа қабылданды. Балабақшаның тәрбиелеу-оқыту жұмысы жоспарлы түрде жүйелі жүргізілуде. Білім беру процесі тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, ерекшеліктерін, қажеттіліктерін ескере отырып құрылды, бұл әр балаға жеке тұлғаға бағытталған көзқарасты жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылды. Тәрбиеленушілердің отбасымен жұмыс жасауда өзара әрекеттесудің тиімді формалары қолданылды. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері сақталды, балалармен қызметкерлердің өмір сүру қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Тәрбиеленушілердің денсаулық көрсеткіштері бойынша оң динамика

байқалады. Бұл бағыт педагогикалық ұжымның жұмысында басым болып табылады, сондықтан болашақта тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және сақтау бойынша жүйелі жұмысты жалғастыру қажет.

Мұның бәрі мектепке дейінгі ұйымды қазіргі жағдайда бәсекеге қабілетті етеді. Сонымен қатар, өзін-өзі бағалау барысында оң сәттермен қатар бірқатар мәселелер анықталды:

- ғимарат бөлмелерінің жетіспеушілігі балаларға арналған қосымша білім беру қызметтерін ашу мүмкіндігімізді шектейді;

- ата-аналарды бірлескен әрекетке жұмылдыру бойынша жұмысты жетілдіру және жалғастыру қажет;

- мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жақсарту және жаңғырту.

- балалардың ойын алаңдарын заманауи алаңға айналдыру, яғни жаңарту.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Балабақшаның даму болжамдары:

- білім беру қызметінің нәтижелілігі мониторинг жүйесін, білім беру және тәрбиелеу бағдарламасын жасау және жетілдіру;
- Тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының сұраныстарын талдау және зерттеу мақсатында балабақшаның ақпараттық-диагностикалық камтамасыз ету жүйесін дамыту;
- Балабақшаның инновациялық қызметіне педагогтердің қатысуы үшін мотивациялық жағдайлар жасау.
- Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып қосымша ақылы қызметтерді жандандыру.

Комиссия төрайымы: _____ Л. Дуйсекулова

Комиссия мүшелері:

Т. Туякбаева _____

А. Абдукадирова _____

Б. Рашаева _____

Л. Акниязова _____

С. Рахметова _____

Н. Бершімбаева _____